

ӘОЖ 94 (574)

**ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ОНЖЫЛДЫҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ ДАМУ ТАРИХЫ**

**Сатанов Арстан Болатұлы**

[arstanbs@gmail.com](mailto:arstanbs@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының

3-курс докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – т.ғ.д., профессор Б.Ғ.Аяған

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстанда бүкіл білім беру кешенін әлемнің дамыған мемлекеттерінің деңгейіне дейін дәйекті реформалау басталды. Алайда, 1991 жылдан кейін елдегі білім сапасы қаржыландырудың жетіспеушілігінен, мемлекеттік реттеудің аздығынан, білім беру мекемелерінің меншігін жекешелендіруден, сонымен қатар, білікті мамандардың басқа елдерге кетуіне байланысты тез арада нашарлап кетті. Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне енуі білім беруді жаңа әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайларда ұйымдастырудың, білім берудің ұлттық моделін қалыптастырудың тиімді тәсілін талап етті.

Білім беру жүйесі – қоғамның дамуымен бірге дамитын және әр елдің экономикалық ерекшеліктеріне байланысты үнемі өзгеріп, күрделене түсетін институционалдық құрылымдарды біріктіретін модель.

1990 жылдары білімнің дамуын екі кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1. 1992-1994 жж. ҚР білім берудің заңнамалық базасының қалыптасу кезеңі;
2. 1992-1999 жж. ҚР білім берудің тұжырымдамалық-бағдарламалық жаңғырту кезеңі болды.

Ғалым Лаура Адамс 1991 жылы КСРО ыдырағаннан кейін Орталық Еуразияда жүргізген өз зерттеуінде: "Қазіргі батыс өркениетінің материалдық технологияларын дамыта отырып, ұлттық мәдениеттің белгілі бір рухани ерекшелігін сақтау және нығайту қажет болды. Бұл ұстаным ұлттық жобаны тұжырымдауды аяқтап, батыстық қазіргі заманғы таңдаулы ассимиляциясының идеологиялық негіздемесі ретінде әрекет ете отырып, басым бағытқа айналды",- деп көрсетеді [1, 120]. Яғни, Қазақстанның тәуелсіздік қарсаңында ел дамуының мәдени шеңбері аясында үш өзекті мәселе тұрды. Біріншіден, мектепті кеңестік кезеңнің идеологиялық көзқарастарынан алыстау керек екендігі, екіншіден, социализм-коммунизм құрылысы кезінде қатты зардап шеккен көпғасырлық ұлттық мәдениетті жаңғыртып, педагогикалық үрдіске енгізу қажет болды. Үшіншіден, Қазақстан әлемдік интеграциялық қауымдастыққа кіре отырып, өзінің ұлттық білім беру моделін құруы тиіс еді.

1990 жылдардың бірінші жартысында ел алдында ұлттық мәселеге, соның ішінде білім беру саласына қатысты көптеген өзекті мәселелер болды. 1991-1993 жылдары нарықтық экономикаға көше бастауы қазақстандық қоғамды объективті түрде жіктеуге алып келді. Мәселен, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында білім берудің өзекті міндеттерінің бірі оның ұйыстырушы күші, соның ішінде этномәдени оқытуды ұйымдастыру арқылы да болды. 1990 жылдардың бірінші жартысындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар оның ұлты мен мәртебесіне қарамастан қоғамның барлық мүшелерін белсенді түрде жұмылдыруды талап етті.

Қоғамдық өмірдің барлық салаларын реформалау білім беру жүйесінің жағдайы мен дамуына байланысты екені белгілі, сондықтан оны дамыту қазіргі кезеңдегі мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі ретінде қарастырылады. Іс жүзінде барлық жас ұрпақ өтетін білім беру жүйесіне қоғамның әлеуметтік және ғылыми прогресіне байланысты сапалы басқа талаптар қойылады. Білім беру мен тәрбиені дамытудағы инновациялар көптеген факторлар әсер ететін өте күрделі және ұзақ үрдістің ажырамас бөлігі болып табылады [2, 1-6].

Білім беруде 1990 жылдары қабылданған мынадай бастамаларды атауға болады:

1. заңнамалық реформа;
2. ғылыми, конституциялық және ұйымдастырушылық қолдау көрсету мақсатында жаңа құрылымдық институттарды құру (мысалы, Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы және Дарынды балаларға арналған “Дарын” республикалық ғылыми-практикалық орталығы);
3. нарықтық экономикаға көшуге байланысты оқушылардың жалпы оқу бағдарламасын ыңғайлы әрі икемді ету мақсатында қайта қарау (мысалы, оқушыға ыңғайланып құрылған оқу жоспары);
4. ана тілі мен мәдениетін білім беру бағдарламасына қосу, тіл және ұлттық тарих бойынша оқулықтар әзірлеу;
5. білім беруге бөлінетін мемлекеттік шығындарды орталықсыздандыру (облыстық және аудандық органдардың атқаратын рөлі өзгерді);
6. сыртқы және ішкі тиімділігін арттыру үшін білім беру жүйесін рационализациялау бойынша бастамалар;
7. жекеменшік білім беруді ынталандыру арқылы осы секторда бәсекелестік тудыру;
8. халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық және олардың ықпалы.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары білім саласында қызмет етіп жүрген ғалымдар арасында қабылданған бастамаларға қарамастан келіспеушіліктер де орын алып жатты. Мәселен, Халықаралық бақылаушылардың тұжырымдамасы бойынша: “Посткеңестік республикаларының басым бөлігінде орталықсыздандыру мен тұрақсыздандыру көрініс тапты, себебі білім беру бағытын анықтайтын лауазымды тұлғалар арасында

келіспеушіліктер орын алды. Жекелеген шенеуніктер білім беру саласын басқаруды радикалды түрде өзгертуді талап етті”, - дегенді алға тартады [3, 54-55].

1990 жылдардың бірінші жартысында Қазақстанда болып жатқан бүкіл саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістер білім беру саласында жаңа құқықтық базаны қалыптастыруға басымдық беру қажет болды.

Бұл ретте, Білім алу құқығы - «Адам құқықтары мен бостандықтарының жалпыға бірдей декларациясының» (10.12.1948 ж.) 26-бабында және «Бала құқықтары туралы Конвенцияның» (20.09.1959 ж.) 28-29-бабында бекітілген Адамның негізгі және маңызды құқықтарының бірі болып табылады. Бұл құжаттарда білім беру жүйесінің негізгі буыны ғана емес, сонымен қатар, оның функционалды бастауы болып табылатын орта мектепте балалардың білім алуына ерекше орын берілген.

Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру жүйесінің құқықтық негізінің дамуы 1992 жылдан бастап құрылды. 1992 жылғы 18 қаңтарда Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі «Білім туралы» Заң қабылдады, ол республикада 1992 жылдан 1999 жылға дейін қолданыста болды.

1992-1998 жылдар аралығында министрліктердегі басшылар бірнеше реттен ауысып отырды. Бұл өзгерістер бірқатар бастамаларды үйлестіру және қадағалау мүмкіндеріне әсер етті. “Бір министр – ректор, екіншісі – орта мектеп мұғалімі, әркім өз секторына баса назар аударды. Министрлік білім беруді басқарудың жаңа тетіктерін қалыптастыруға ұмтылған кезде түрлі ұйымдастырушылық реформаларды іске асыру үшін қаржы жетпеді, сонымен қатар, аймақтардағы бюрократиялық тенденциялар өзгерістерді енгізуге тежеу болды [4, 500].

1995 жылы Қазақстанның ағымдағы Конституциясы қабылданды. Білім алу құқығы Қазақстанның Ата Заңында адамның маңызды құқығы ретінде бекітілді. Конституцияның 30-бабында мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуға кепілдік беріліп, орта білім беру баршаға міндетті деп белгіленді. Сонымен қатар, бұл бапта жекеменшік оқу орындарында ақылы білім алу туралы да сипатталды. Мемлекет кез келген оқу орындарының қызметіне сәйкес келуі тиіс білім берудің міндетті стандарттарын белгілейтіні Заң жүзінде бекітілді.

Өз тәуелсіздігін алған сәттен бастап, Қазақстан білім беру реформасының тұжырымдамасын әзірлеу және іске асыру негізгі міндет ретінде айқындады.

Прогрессивті мұғалімдердің ықпалымен Қайта құрудың алғашқы жылдарында-ақ кеңестік білім беру жүйесінде түбегейлі реформалар жүргізу туралы мәселе көтерілді. Сөйтіп 1989-1992 жылдар негізінен эмпирикалық сипаттағы белсенді инновациялық ізденіспен сипатталды. Онда тәуелсіз Қазақстанның білім беру жүйесін құрудың алғышарттары қалыптасты.

1992 жылдан бастап Қазақстан Республикасы өз мүмкіндіктері мен алға қойған міндеттеріне байланысты оларды білім берудегі мәселелерді өз бетінше шешуге мәжбүр болды [5, 51-56].

Білім туралы Заң (1992 ж.) білім беруді дамытудағы демократиялық үрдістерді бекітті, оқу орындарының білім беру стандарттарын, оқу жоспары мен білім беру бағдарламаларын әзірлеу нормативтік негізін бекітті [6, 6-7].

1994 жылғы сәуірде ҚР ҚМ алғаш рет жалпы білім беретін оқу орындарының базистік оқу жоспарын (БОЖ), сондай-ақ, оқу жоспарларының 28 нұсқасын бекітті. Ұсынылған нұсқалар мектептің жоғары сатысының 10-11 сыныптарында бейіндік саралау қағидаты бойынша (түрлі пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептер, лицейлер мен гимназиялар) оқытуды ұйымдастыруға бағытталған [7].

1992-1994 жылдары Қазақстан Республикасында ұлттық мектептің тұжырымдамасы әзірленді, ол мынадай негіз қалаушы қағидаттарды: дифференциация, ұтқырлықты, оқытудың белсенді сипатын, білім берудің үздіксіздігі мен сабақтастығын айқындады.

Е.Катаев өз зерттеулерінде атап өткендей, А. Каспаржанға сілтеме жасай отырып, 1992 жылы пайда болған лицейлер мен гимназиялар инновациялық мектептер деп санауға

болады, онда "Оқушылардың, балалар мен жасөспірімдердің орташа деңгейіне қатысты озық жұмыс істеудің жаңа ұйымдастырушылық формаларын іздеу және білім берудің жаңа мазмұнын қалыптастыру" жүзеге асырылды [8, 87].

1994 жылы республикада мектепте білім берудің мемлекеттік стандарттарын әзірлеу жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмысы басталды. Білім беру мәселелерімен айналысатын Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ институтының кешенді жұмысы нәтижесінде Қазақстан Республикасының жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандартының тұжырымдамалық, нормативтік және оқу-әдістемелік компоненттері әзірленді. Қазақстанда жалпы орта білім беру стандарттарын әзірлеу тарихы 1994-1996 жж., 1996-1998 жж., 1999-2002 жж. қамтиды.

1994-1999 жылдар ішінде орта білім берудің тұжырымдамалық және бағдарламалық негізі қаланды:

1. Тұжырымдамалық база құрылды (ҚР жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты туралы ереже, ҚР жалпы білім беретін мектебін дамыту тұжырымдамасы, Жалпы орта білім беру мазмұнының тұжырымдамасы: 1994-1996 жж.)

2. Нормативтік құжаттар жетілдірілді (ҚР жалпы білім беретін мектебінің мемлекеттік базистік оқу жоспары: 1996,1998,2001,2002 жж.)

3. Оқу-әдістемелік материалдарды әзірленіп енгізілді (оқулықтар мен ОӘК: 1996ж.)

Реформаларды ұйымдастырып, орта білімді басқару мақсатында жауапты мемлекеттік орган қажет болды. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты оңтайландыру үшін Білім комитеті құрылды.

1991 жылы 8575 күндізгі және 266 кешкі жалпы білім беру мектептерінде 3037,8 мың оқушы оқыды [9].

Көптеген кешкі мектептер күндізгі мектептердің жанындағы оқытудың кешкі нысаны бар сыныптарға айналды. 1997 жылға қарай тәуелсіз кешкі мектептер 20-ға дейін төмендеді [10, 164].

1999 жылы күндізгі жалпы білім беретін мектептерден басқа, республикада орта білім беру жүйесінде 31 кешкі (ауысымдық) мектеп жұмыс істеді. 1995/96 оқу жылынан бастап олардың саны 3 есе қысқарды, ал кешкі мектептерде оқушылар саны 23,6% - ға азайды.

1991-1992 оқу жылында республикада жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытатын 1400 мектеп, 38 гимназия мен 33 лицей жұмыс істеді [11]. Тереңдетілген жаратылыстану-математикалық білім беру 7-11 сыныптарда лицейлерде жүзеге асырылады. Лицейлердің ең көп саны 1995 жылы тіркелген.

1998-1999 оқу жылына қарай олардың саны тиісінше 429, 118 және 58 бірлікке өсті [12].

Сонымен қатар, 1990-1991-ден 1995-1996 оқу жылына дейін жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептер саны екі есеге жуық өсті, гимназиялар саны 16-дан 131-ге дейін, лицейлер саны 10-нан 112-ге дейін өсті. 1998-1999 оқу жылында Қазақстанда 195 гимназия мен 149 лицей жұмыс істеді [13, 268.].

Жалпы білім беретін мектептерді жергілікті биліктің қарамағына беру және жергілікті бюджеттерден қаржыландыра бастау, 1995-1998 жылдары "оңтайландыру" үрдісінің нәтижесінде ауылдық жерлерде білім беру мекемелерінің санының қысқаруына әкелді. Бұдан басқа, шағын жинақты мектептердің (ШЖМ-ның) жабылуы негізінен байырғы халық тұратын шағын ауылдық елді мекендер мен ауылдарда білім берудің нашарлауына алып келді. Бұл тұрғыда әсіресе Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Оңтүстік Қазақстан облыстарында жағымсыз жағдай орын алды. Балаларды едәуір қашықтықта орналасқан мектептерге ауыстыру көптеген балалардың сабаққа қатысуын қиындатты. Сонымен қатар, ауылдағы көлік қозғалысының жетіспеушілігінен жалпы білім беретін мектептерге мүлдем бармайтын балалар санының өсуіне әсер етті. "Оңтайландыру" салдарынан шағын жинақталған мектептер зардап шекті.

"Оңтайландыру" салдарынан мектепке бармайтын балалар саны артты, ал көптеген ауылдар мектептерден алатын соңғы мәдениет ошақтарынан айырылды [13, 268 б.].

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін, экономика және қаржы дағдарысы салдарынан білім беру саласында үлкен қиындықтарға тап болды. Қаржы тапшылығы салдарынан мектептерді, әсіресе, мектебі жоқ ауыл балаларын қалай оқыту, оларды мектепке таситын көліктермен қамтамасыз ету мәселелері туындады.

### **Қорытынды**

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін, 2 мәселеге тап болды. Біріншісі, КСРО-дан қалған білім беру жүйесінің жағымды аспектілерін, екіншіден, жас елдің әлеуметтік және экономикалық реформаларымен келген жаңадан әдіс-тәсілдерді дайындауға тура келді.

1990 жылдардағы орта білім беру реформаларының негізгі стратегиялық құжаттары дайындалды. Онда мемлекеттік білім беру саясатының қағидаттары жарияланды. Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының мемлекеттік білім беру стандарттары шегінде тегін білім беру қызметтерін алу құқықтарының теңдігі, білім беруді озыңқы дамыту және басқалар қамтамасыз етілді. Білім беру мекемелері түрлерінің алуан түрлілігі, бағдарламалық-әдістемелік және кадрлық қамтамасыз етуді жақсарту, көп арналы дамыту, мемлекеттік және тұлғааралық қарым-қатынас тілін меңгеру үшін жағдайлар жасау көтермеленді.

Орта білім беру жүйесін басқаруды реформалаудың міндеттері мемлекеттік қаражатты үнемдеу, әкімшілік аппаратты қысқарту, бірыңғай білім беру процесін басқарудың оңтайлы құрылымын құру деп белгіленді. Алайда, реформа стратегиясында айқындық болған жоқ және басты міндет – мемлекеттік мектеп пен жоғары оқу орындарының жаңа тетігін құру мәселесі шешілген жоқ. Мұның бәрі оқытудың барлық деңгейлеріндегі оқу процесінің сапасына ықпал етті.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан орта білім беру саласында белгілі бір табыстарға қол жеткізді, олар қазіргі заманғы инновациялық үрдістер үшін негіз дайындады. Білім беру жүйесінің бастапқы моделі құрылды, білім беру жүйесінің жұмыс істеуінің заңнамалық және нормативтік базасы әзірленді, білім беру саласындағы ұлттық саясаттың негізі айқындалды, білім беруді қаржыландырудың көп арналы жүйесі жұмыс істей бастады, жекеменшік оқу орындары ашылды.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Адамс Лора (2009). Применима ли постколониальная теория к Центральной Евразии? «Неприкосновенный запас», №4(66), С. 120.
2. Козырская И.Н. Инновации в системе образования Республики Казахстан в конце XX - начале XXI века как предпосылка современного этапа инновационного развития// Ученые записки Орловского государственного университета. №2(79), 2018 г. 1-6 стр.)
3. Білім беру реформасындағы жаһандық үрдіс: Қазақстандағы орта білім реформасының мысалы, 54-55 бет.
4. DeYoung. Problems and trends in Education in Central Asia since 1990: The case of General Education in Kyrgyzstan. Central Asia Survey, 25:4,499-14, 2006. - 500p.
5. Нысанбаев А., БасшибаевМ. Проблемы образовательной политики // Мысль. - 1998. - № 12. - С. 51-56.).
6. Образовательные стандарты общего среднего образования РК: состояние, поиск и перспективы. Рабочий документ для обсуждения, МОН РК, Астана: изд. Казахстаника, 2003 г. стр.6-7, 27с.).
7. Приказ МОН РК №156 от 14.04.1994 г.
8. Катаев Е. Общеобразовательные школы нового типа: реальность и перспективы//Казахстан жоғары мектебі. 1998. №2. С. 87–92., 89-бет.
9. Қазақстан Республикасының Ұлттық Мұрағаты, Қ-91; Т-1; Іс-768.
10. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жай-күйі және дамуы туралы Ұлттық баяндама» С. Ырсадиев және т.б., 2016 ж., 164 б.
11. Қазақстан Республикасының Ұлттық Мұрағаты, Қ-91; Т-1; Іс-768.
12. Қазақстан Республикасының Ұлттық Мұрағаты, Қ-91; Т-1; Іс-768.

13. Игибаева А.К. К вопросу развития, национальной системы, образования в условиях-суверенитета// Поиск.-2007.-№3.- С. 268-273.